



Ұтымды ұлттық жобалар

Облыс аумағында халықтың өмір сапасын арттыруға, әлеуметтік инфрақұрылымды жаңартуға бағытталған ұлттық жобалар кең көлемде жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, аймақта ауыл медицинасы жаңғырып, жаңа мектептер салынууда. Педагогтер мен дәрігерлерге қолдау шаралары күшейіп келеді. Парламент Сенатының депутаты Серік Өтешовтің бірнеше күндік жұмыс сапары аясында осы бағыттағы жүзеге асырылып жатқан жұмыстар жөнінде бірқатар кездесу өткізді. Қорытынды жиында облыстағы ұлттық жобалардың жүзеге асырылу барысы талқыланып, өзекті мәселелер мен заңнамалық бастамалар тұрғысынан ұсыныстар айтылды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұрақты даму бар

Парламент Сенатының депутаты Серік Өтешов Қарағанды облысына жұмыс сапары аясында облыстық басқарма басшыларымен және қоғам өкілдерімен бірқатар кездесу өткізді. Сапар қорытындысы аталған отырыста жария етілді. Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов жиында ұлттық жобалардың өңіріміз үшін маңызына тоқталды.

– Ұлттық жобалар – ел өмірінің өзегі. Біз оларды жергілікті деңгейде сапалы әрі уақытылы жүзеге асыруымыз керек. Бұл – мәслихат-



Қаладағы жаңағын Арайлыны Көктемде

тың басты бақылауындағы мәселе, – деді Нұркен Сайфиддинұлы.

Серік Өтешов те жобалардың заңнамалық тетіктерін жетілдіру

қажет екенін атап өтті.

– Кездесулер барысында ұлттық жобалардың облыста жүзеге асырылу барысымен таныстық.

Әсіресе, «Қолжетімді интернет» жобасының аяқ алысы ұнады. Бұл бағытта жұмыс жүйелі жүріп жатыр екен. Мәселелер де жоқ емес,

әріне. Атап айтсақ, ауыл медицинасы мен білім беру саласындағы жобалық және құрылыс сапасына қатысты проблемаларға кезіктік. Олар туралы бүгінгі басқарма басшылары да атап өтті. Ұсыныстар да айтылды. Айтылған деректерді ескеріп, ұсыныстарды заңнамалық бастамаларға енгізуге тырысамыз, – деді ол.

Облысымызда биылғы жылдың алғашқы бес айында әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны сақталып отыр. Президент тапсырмасына сай еліміз үшін белгіленген 7 пайыздық өсім шегінен өңір артығымен шығып, қысқа мерзімді экономикалық индикатор 108,5 пайызды құрады. Бұл – Қарағанды облысының ел экономикасындағы тұрақты үлесін айқындайтын көрсеткіш.

– Өнеркәсіптегі өсім 108,9 пайызды құрады немесе өндірілген өнім көлемі 1,9 триллион теңгеге жетті. Бұл негізінен қара және түсті металлургия, машина жасау, пластмасса және резина бұйымдарының өндірісі есебінен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, 327 миллиард теңге көлемінде инвестиция тартылып, 20 пайыз өсім байқалды. Жыл соңына дейін құны 167 миллиард теңге болатын 36 инвестициялық жоба іске қосылады. Бұл жобалар аясында 2 600-ден астам жаңа жұмыс орындары құрылмақ, – деп атап өтті облыстық экономика басқармасының басшысы Дулат Ашкеев.

Жаңа мектептер, жаңа мүмкіндіктер
«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста жалпы сомасы 41,6 млрд теңгеге 10 жаңа



мектептің құрылысы жүргізілуде. Бұл мектептер облыстың Қарағанды, Балқаш қалалары мен Бұқар жырау, Шет аудандарында бой көтеріп жатыр. Құрылыс аяқталған соң бұл мектептер қажетті педагогпен қамтамасыз етілуі керек.

– Қазіргі таңда 4 мектеп пайдалануға берілді. Олар – «Кендала» ықшамауданындағы 2 000 орындық №19 мектеп, «Көгілдір тоғандар» ықшамауданындағы 1 200 орындық мектеп, «Гүлдер» ықшамауданындағы 300 орындық мектеп және Балқаш қаласындағы 900 орындық мектеп. Қалған 6 мектеп 2025 жылы тапсырылмақ. Алайда, бірқатар мектепте құрылыс жұмысының мерзімінен кешігуі байқалып отыр. Бұл негізінен кадр тапшылығы мен құрылыс қарқынының төмендігіне байланысты, – деді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысы Саян Мұратұлы.

Сонымен қатар, 2025 жылы аяқталуы тиіс алты мектепке кемінде 160-қа жуық педагог қажет. Бұл ретте кадр тапшылығын болдырмау үшін басқа мектептерден ауыстыру және конкурс арқылы іріктеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын атап өткен жөн.

► 2-бет

«Tört Tүlik» тарту етеді

Қазақстандықтар фермерлерден делдалсыз ет сатып алатын жаңа жоба жыл соңына дейін іске қосылады.



Ауыл шаруашылығы министрлігі ел тұрғындарына етті делдалсыз, тікелей өндірішіден сатып алу мүмкіндігін ұсынуға ниетті. Баянды бастама ауыл шаруашылығы өнімдерінің қол жетімділігін арттырып, тұтынушылар мен фермерлер арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған. 2023 жылы таныстырылған ауыл шаруашылығы өндірушілеріне арналған «Tört Tүlik» атты цифрлық мобильді қосымшаны дамыту аясында платформа арқылы фермерлер өз өнімдерін тікелей ұсына алады. Ал, тұтынушылар сапалы әрі жаңа өнімге оңай қол жеткізеді.

Жоба аясында ауыл шару-

ашылығы өнімдерін цифрландыру және қадағалау жүйесі одан әрі жетілдіріледі. «Tört Tүlik» мобильді қосымшасы алдағы уақытта тек ет өнімдерімен шектелмей, сүт, жұмыртқа және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін қамтуы мүмкін. Бұл бастама ауыл шаруашылығы саласының жаңа даму кезеңіне қадам басқанын айқындайды. Тікелей сатылым форматы арқылы фермерлер мен тұтынушылар арасындағы сенімділік нығая түспек, ал, саладағы ашықтық пен тиімділік айтарлықтай артады деп күтілуде.

Өз тілішімізден
Сурет ашық дереккөзден

Еңбектің еңселі ескерткіші

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің индустриялық даму бағытын нақтылап, өндіріс көлемін 1,5 есе, ал еңбек өнімділігін 30 пайызға арттыруды стратегиялық міндет ретінде айқындаған болатын. Межелі мақсатты жүзеге асыру жолында елдегі ірі өнеркәсіп ошақтары белсенді жұмыс істеуде. Соның жарқын мысалы – Қарағанды құю-машина жасау зауыты. Бүгінде бұл кәсіпорында 800-ден астам маман еңбек етіп, 7 мыңнан астам өнім түрі шығарылады. Ел экономикасын әртарапандыру мен өндірісті жаңғырту жолында бұл зауыттың қосып отырған үлесі айрықша.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Зауыттың негізі 1941 жылдың 21 наурызында қаланған. Дәл осы күні шағын механикалық шеберханалардың базасында жөндеу-прокаттық база құрылып, жаңа өндіріс ошағының іргетасы қаланды. Алғашқы қадамнан-ақ өндіріс қызу қарқынға ие болды. Ұлы Отан соғысының басталуы да бұл қарқынды тоқтата алмады. Керісінше, зауыт соғыс жылдарында елге қажет өнім шығарып, тылдағы ерлік еңбектің айшықты үлгісін көрсетті.

Жаңа цех өнімдері Қарағанды, Балқаш және Жезқазған қалаларының өндірістік қажеттіліктерін қамтамасыз етіп отырды. Ай сайын мұнда 150-200 тонна аралығында әртүрлі шойын бұйымдары құйылып, майдан мен тыл үшін маңызды өнімдер дайындалды. Сол жылдары механикалық, құрастыру, электр цехтары мен түрлі шеберханалар ашылды. Жұмысшыларға арналған асхана мен дүкен де жұмыс істеп тұрды. Ел басына күн туған сәтте де зауыттың «жүрегі» тоқтаған жоқ, керісінше, еңбек алауы бұрынғыдан да жалынды түсті.

Осылайша, жыл артынан жыл өтіп, тоқсаныншы жылдардың басына дейін зауыт қарқынды



дамуын жалғастырады. Зауытта ПА3 автобустары мен электр үтіктері шығарылады. Оттегі цехы да салынады, құрылыс крандары мен ауыл шаруашылығы техникасының сериялы өндірісі жолға қойылады. Орталық электрмеханикалық шеберханалар негізінде тау-кен жабдықтарын жөндейтін зауыт бой көтереді. Алайда, кейінгі жылдардағы экономикалық тұрақсыздық өндіріс өміріне кері салдарын тигізбей қоймады.

1999 жылдың қазан айында, жойылуы аз-ақ алдында тұрған кәсіпорынға «Қазақмыс» компани-

ясы жабдықтар мен қосалқы бөлшектерді дайындауға тапсырыс береді. Бұл зауыт үшін өзіндік бір құтқару шеңбері іспеттес болды. Арада бір жыл өтпей, нысан ірі компания құрамына еніп, қайта жаңғыру жолына түседі. «Қазақмыс» компаниясының алдында зауыт өндірісін қайта жандандырып, оны саланың көшбасшысына айналдыру міндеті тұрды. Қарағанды құю-машина жасау зауытының негізгі қызмет бағыттары айқындалды.

Компания құрамында алғашқы он жыл ішінде республикалық үде-

мелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында зауыт ұжымы өз жұмысын өздігінен жүретін тау-кен техникасын шығаруға бейімдеп, жаңа техниканың өндірісін жолға қойды. 2010 жылы зауыт «ҚазБелАЗ» автокөлігін құрастыруды бастады. Сонымен қатар, әртүрлі жүк көтергіштіктері крандар өндірісі кеңейтіліп, конвейерлер, байыту фабрикасына арналған күрделі жабдықтар мен 16 камералы флотациялық машина шығару үдерісі жолға қойылды.

► 3-бет

• МЕРЕЙ

Сала саңлақтарының салтанаты

Аймақта су және балық шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай салтанатты жиын өтіп, сала ардагерлері мен білікті мамандар марапатталды. Олардың қатарында мемлекеттік инспекция өкілдері, шаруашылық құрылымдарының қызметкерлері бар.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты жиында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қызметкерлерді құттықтап, Премьер-Министр Олжас Бектеновтің құттықтау хатын оқып берді. Өз сөзінде әкім су және балық шаруашылығы саласының ел дамуына қосқан үлесіне тоқталды.

– Сіздердің еңбектеріңіз әрқашан елдің орнықты дамуының маңызды бөлігі болып келді және бола берері сөзсіз. Бұл сала экология, экономика және халықтың өмір сүру сапасымен тікелей байланысты. Әрбір көрсеткіштің артында – сіздердің біліктілігіңіз бен табандылықтарыңыз тұр. 2025 жылдың «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялануы – дәл сіздер сияқты кәсіби мамандарға деген құрметтің белгісі, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Су шаруашылығына 50 жылдан астам өмірін арнаған ардагер Дүйсембай Әбжанов «Құрмет» орденімен марапатталды. Ол бұл саланың мәртебесін арттырып, жас мамандарға бағыт-бағдар беріп келе жатқанын айтып, көрсетілген

құрметке айрықша алғысын білдірді.

Сондай-ақ, балық шаруашылығында ерекше көзге түскен Боранбай Байтасов арнайы төсбелгімен марапатталды. Қазіргі таңда ол Қаныш Сәтбаев атындағы каналдың биомелиорация учаскесінде қорықыс болып қызмет атқарады. Оның айтуынша, күн сайын 200 шақырымнан астам қашықтықты жүріп өтіп, су айдындарындағы жаңбұзушылықтарға бақылау жүргізеді.

Мерекелік шара аясында саланың бірқатар мамандарына Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамоталары, Балық шаруашылығы комитеті мен облыс әкімінің Алғыс хаттары табысталды.

Айта кетейік, Қазақстанда Су шаруашылығы қызметкерлерінің күні жыл сайын 9 шілдеде, ал, Балық шаруашылығы қызметкерлерінің күні шілденің екінші жексенбісінде атап өтіледі. Су және балық шаруашылығы саласының қызметкерлері өз еңбектері мен табандылықтары арқылы өңірдің экологиялық тұрақтылығы мен экономикалық дамуына елеулі үлес қосары айқын.

Агрокешен еңселі, қызмет көшелі

2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында облыстың ауыл шаруашылығы мен мемлекеттік қызметтер көрсету саласында айтарлықтай оң өзгерістер орын алды. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен кезекті аппараттық жиында осы бағыттағы жұмыстардың барысы кеңінен талқыланып, нақты тапсырмалар жүктелді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Агроөнеркәсіптік кешенде нақты нәтиже

Жиында сөз алған ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Ануар Түлюбеков 2025 жылдың қаңтар-маусым айларында ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 12,8 млрд теңгеге жеткенін айтады.

– Бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10 пайызға артық көрсеткіш. Нақты көлем индексі – 107 пайыз. Ауыл шаруашылығы саласының өсімі негізінен мал шаруашылығындағы өндірістік белсенділікпен, соның ішінде, ет, сүт және жұмыртқа өндіру көлемінің артуымен байланысты. Бұған асыл тұқымды мал басының көбеюі, кооперативтік жобалардың іске қосылуы, фермерлік шаруашылықтарды мемлекеттік қолдау сынды факторлар айтарлықтай ықпал етті, – деді басқарма басшысы.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде Бұқар жырау, Абай аудандарының үлесі мол екені айтылып, оны әрі қарай дамыту жөніндегі аудан әкімдерінің есебі тыңдалды. Күн тәртібіндегі мәселелер төңірегінде туындаған проблемаларды реттеу бағытындағы жұмыстар туралы жауапты мамандар айтып берді.

Сүт кластері дамып келеді

Облыс аумағында негізі қаланған атап өтерлік жоба – Нұра ауданындағы «Рамадан» жаңа сүт фермасы. Мұнда голштино-фриз тұқымды сүтті ірі қара малын өсіру қолға алынған. Бүгінгі күні фермада 403 сиыр бар. Шілде айының соңына дейін 340, ал, қазан айында тағы 357 сиыр әкелу жоспарланып отыр. Жалпы, толық жүктемемен жұмыс істегенде фермада күніне 880 сиыр сауылып, яғни, тәулігіне 27 тонна, жалпына 9500 тонна сүт өндіруге қауқарлы болады.

Дерекке сүйенсек, фермада өндірістің ішкілдік толық инфрақұрылымы қалыптасады.



Қолжазба жасаған Аруллан Қосбергін

Атап айтсақ, сиыр сауу залдары, жемшөп сақтау қоймалары, ветеринариялық қызмет бөлімшелері, суару жүйелері, азық базасын нығайту шаралары.

Кәсіпорынға 262 гектар ауыл шаруашылығы жері бөлінген. Оның ішінде 88 гектары – шабындық, 172,5 гектары – жайылым. Қазір жердің 48 гектарында түбегейлі жақсарту жұмыстары жүргізіліп, құнарлылығы күшейтілуде.

Сонымен қатар, өнімділікті арттыру мақсатында суармалы жерлердің көлемі ұлғайтылып, жоғары өнімді азықтық дақылдар егілмек. Минералды тыңайтқыштар мен заманауи техника пайдаланылып, сүт өткізу нарықтары алдын ала қарастырылуда.

Бұл ферма – аймақтағы агроөнеркәсіп кластерінің ірі ошағына айналып, жұмыс орындарын ашуға, өңірді сапалы сүт өнімдерімен қамтамасыз етуге және инвестициялық тартымдылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Ветеринариялық қауіпсіздік бақылауда

Облыс ветеринария басқармасының басшысы Амандық Жәкешаевтың мәліметінше, 2025 жылдың алғашқы алты айында аса қауіпті жануарлар ауруларына қарсы 3,1 миллионнан астам жоспарлы вакцина егілген. Бұл – жылдық жоспардың 65 пайызы.

Бруцеллез бойынша зерттеу жұмыстары жалғасуда. Анықталған жағдайлар дер кезінде оқшауланып, барлық санитарлық және өтемақылдық шаралар қабылданған. Сонымен қатар, облыста алғаш рет отандық мамандар әзірлеген жаңа ветеринариялық вакцина қолданылып отыр. Жергілікті бюджет есебінен сапты алынған бұл препарат эпизо-

отиялық тұрақтылықты сақтауға елеулі үлес қосуда.

Қолданылып жатқан шаралар қатарына дезинфекциялау, клиникалық және зертханалық бақылау, сауықтыру және оқшаулау және жоспарлы вакциналау жұмыстары кіреді.

Жалпы, облыстағы ветеринариялық ахуал тұрақты, алдын алу және диагностикалық жұмыстар кестеге сай.

Мемлекеттік қызметтер – қолжетімді әрі тиімді

Сонымен бірге, жиында Қарағанды облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильинский мемлекеттік қызметтерді цифрлық форматқа көшіру жөніндегі нәтижелермен таныстырды.

– 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында аймақ тұрғындарына 8,77 миллион мемлекеттік қызмет көрсетілген. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,14%-ға артық. Ең маңыздысы – қызметтердің 99,6 пайызы электрондық форматта ұсынылған. Бүгінгі күні облыстағы 186 мемлекеттік қызметтің 90,8 пайызы цифрлық форматта қолжетімді. Бұл – жоғары көрсеткіш және азаматтардың уақыты мен ресурсын үнемдеуге мүмкіндік береді, – деді ол.

Салалар бойынша қызметтер құрылымы денсаулық сақтау саласында – 8,5 млн-нан астам, жұмыспен қамту саласында – 49 мыңнан астам, білім беру саласында 57 мыңнан астам қызмет көрсетілген.

Мемлекеттік қызметтерге қолжетімділікті арттыру мақсатында облыста 13 азаматтарды қабылдау орталығы, 1100-ден астам өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді.

Геопортал арқылы архитектура және жер қатынастары саласындағы 17 мыңнан астам өтінім өңделсе, «Арлан» бизнес-орталығында орналасқан мемлекеттік қызмет көрсету орталығы 80 мыңнан астам қызмет ұсынған. Сонымен қатар, 900-ден астам түсіндіру шарасы, 7 семинар, 59 қызметкерді оқыту ұйымдастырылған.

Кеңес қорытындысы бойынша облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бірқатар нақты тапсырмалар берді. Атап айтсақ, олар инвестициялық жобалардың уақытылы іске асырылуын қамтамасыз ету, асыл тұқымды мал басын көбейту бойынша шаралар қабылдау, мал азығының қажетті көлемін уақытылы дайындау, өнім өндіру көлемін ұлғайту, цифрлық қызметтердің сапасын арттыруға қатысты іс-шараларды жалғастыру және қалалар мен аудандар әкімдері тарапынан бақылауды күшейту.

Бұл тапсырмалардың орындалу барысы облыс әкімінің салаға жауапты орынбасарына жүктелді.

Облыста аграрлық сектор мен мемлекеттік басқару саласында цифрландыру мен тиімділікке бағытталған кешенді өзгерістермен қатар, агросекторда жаңа өндірістер, кооперативтер іске қосылып, ветеринариялық қауіпсіздік пен мал басының сапасы жақсарып келеді. Мемлекеттік қызметтер болса, бүгінде тұрғындарға жылдам, ыңғайлы әрі қолжетімді форматта ұсынылуда.

Бұл бағыттағы жұмыстар облыстың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға және инвестициялық тартымдылығын нығайтуға зор септігін тигізетінін атап өткен жөн.

Ұтымды ұлттық жобалар

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Мәселен, 2024 жылы ашылған төрт мектепке қазіргі уақытта 200-ден астам мұғалім қабылданды. Қарағанды қаласының «Кендала» ықшамауданында ашылған 2000 орындық №19 мектепке 121 педагог қажет болып, оның 81-і конкурс арқылы алынса, 40-ы басқа мектептерден ауысып келген.

Ал, «Көгілдір тоғандар» ықшамауданындағы 1200 орындық №24 мектепке 40 мұғалім жұмысқа қабылданды. «Гүлдер» ықшамауданындағы 300 орындық №28 мектеп пен Балқаш қаласындағы 900 орындық мектептерге тиісінше 40 және 39 педагог қажет, – деп атап өтті білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Медицина да баса мәнге ие

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында құрыста 92 денсаулық сақтау нысанының қбылысы жоспарланған. Оның ішінде, 11 дәрігерлік амбулатория, 34 фельдшерлік-акушерлік пункт және 47 медициналық пункт бар. Бұл нысандардың 25-і бұрын медициналық қызмет болмаған ауылдарда, ал, 67-сі ескі нысандардың орнына салынбақ.

Дерекке сүйенсек, бүгінде 40 нысанда құрылыс аяқталып, оның 25-і пайдала-

Ауыл тұрғындарын қолжетімді және сапалы медициналық қызметпен қамту

11

ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ

34

ФЕЛЬДШЕРЛІК – АКУШЕРЛІК ПУНКТ

47

МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТ

92

НЫСАН

Инфографиканы жасаған Айбек Рахымжан

нуға берілген. Алайда, бұл нысандардың 16-сында құрылыс сапасына қатысты кемшіліктер анықталыпты.

Ауылдық жерлердегі кадр

тапшылығын жою үшін 2024-2026 жылдарға арналған кадр стратегиясы бекітілген. Дерекке сүйенсек, бекітілген стратегияға сәйкес, тапшы мамандық иелеріне

8,5 млн теңге көтерме жәрдемақы төлеу қарастырылған. Бытыр 63 маманға 407 млн теңге төленсе, быыл 70 маманға 419 млн теңге бөлінді.

Бұдан бөлек, быыл Қарағанды, Балқаш қалаларында және Доскей кентінде 169 дәрігерге пәтер берілген. Нұра ауданында 13 пәтерлі, Теміртауда 35 пәтерлі, ал, Қарағандыда 2027 жылға дейін 350 пәтерлі тұрғын үй кешенін салу жоспарлануда.

Дерекке сүйенсек, Теміртау мен Балқаш қалаларындағы орталық ауруханаларда ангиографиялық операциялық блоктар салынуда. Теміртауда құрылыс аяқталып, жабықтау және тіркеу жұмыстары жүргізілуде. Балқашта құрылыс 2025 жылдың қыркүйегінде аяқталады деп жоспарланып отыр.

Жоба бойынша бұл ауруханалар кардиология, хирургия, травматология және реабилитация бөлімдерімен жабдықталып, МРТ, КТ және ангиограф секілді заманауи медициналық техникамен қамтамасыз етілмек. Орталықтарға 40 жаңа дәрігер қажет болады. Қазіргі уақытта олар резидентурада оқып жатыр.

Түйін

Кеншілер астанасында жүзеге асырылып жатқан ұлттық жобалар – нақты адам өміріне тікелей әсер ететін ауқымды өзгерістер. Жаңа мектептер – сапалы

білімнің кепілі, жаңа медициналық пункттер – қолжетімді және жедел медициналық көмектің бастауы. Ал, кадр саясаты – осы жүйелердің тұрақты жұмыс істеуінің негізі.

Ұлттық жобалардың нәтижесі тек олардың саныммен емес, сапасымен, ұзақмерзімді тиімділігімен өлшенуі тиіс. Қазіргі кейбір техникалық кемшіліктер мен нормативтік еткіссіздіктер – жүйелі жұмыс пен тиімді бақылау талап ететін мәселелер.

Бұл ретте Парламент Сенаты мен облыстық мәслихаттың үйлесімді әрекеті, мемлекеттік органдардың бірлесіп атқарып жатқан жұмысы жобалардың толыққанды орындалуына жол ашпақ.

Облыстың экономикалық және әлеуметтік дамуына серпін беретін мұндай бастамалар, ең алдымен, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартуға, жастардың елдімекендерге қайта оралуына және өңірлік теңгерімге қол жеткізуге бағытталған. Жаңа нысандардың құрылысы мен кадрлық қолдаулар – бүгінгі нәміз ертеңгі Қазақстанның іргетасы.

Ұлттық жобалар – мемлекет пен қоғамның бірлескен болашаққа салған көпірі. Осы жолда қабылданған әр шешім, атқарылған әрбір іс – ел дамуының өзегіне айналмақ.

Еңбектің еңселі ескерткіші

(Соңы. Басы 1-бетте)

2007-2010 жылдар аралығында компания үшін жабдықтар сатып алуға 6 миллион АҚШ долларынан астам қаржы бөліді. Зауыт өндіріс көлемін ұлғайтып, өнім түрлерін кеңейтті әрі бұйымдарды өңдеу сапасын жақсартты. Осылайша, тек 2010 жылдан 2021 жылға дейінгі аралықта кәсіпорын айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Атаулы кезеңде жалпы құны 59 миллиард теңгеден асатын шамамен 75 мың тонна өнім шығарылды.

Түп нәтижесінде Қарағанды құю-машина жасау зауыты шағын база ретінде құрылып, бүгінде аумағы 48 гектарды қамтитын алпауыт кәсіпорынға айналды. Мұнда 14 цех пен өндірістік учаске, инженерлік корпус, метрология қызметі мен өндірістік зертхана, әкімшілік ғимарат, медициналық пункт, асхана, спорт кешені және қоймалар орналасқан.

Зауыт шығаратын өнім түрі 7 мыңнан асады. Ел ішінде «КЛМЗ» деп аталып кеткен кәсіпорынның өнімдеріне сұраныс тек Қазақстан ішінде ғана емес, шетелдік кәсіпорындар тарапынан да жоғары. Негізгі тұтынушылар – тау-кен, металлургия және байыту салаларындағы кәсіпорындар. Зауатты зауыт жүк көтергіш және өздігінен жүретін машиналарды, шахта оқпандарын салу мен пайдалану үшін арналған жабдықтарды, кеніштік су шығару жүйесіне арналған сорғыларды, тау-кен өндірісіндегі қазбаларды бекітуге арналған түрлі құралдарды, кенді тасымалдау әрі байыту жабдықтарын, құрылысқа арналған металл құрылымдарын, сондай-ақ, теміржол құрамына, энергетика және мұнай өндіру салаларына қажетті өнімдерді шығарады.



Зауытта 800-ден астам адам жұмыс істейді, оның 724-і – тікелей өндірістік сала мамандары. Олар жыл сайын міндетті түрде оқудан өтіп, өз біліктіліктерін арттырып отырады. Өндірісті жаңғырту аясында шетелдік компаниялармен бірлесіп, кейбір мамандық иелеріне арналған арнайы оқу бағдарламалары әзірленді. Баянды бастама кәсіпорынның кадрлық әлеуетін нығайтып, заманауи талаптарға сай жоғары білікті мамандарды даярлауға жол ашты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялап, ел экономикасының іргесін қаласып отырған қарапайым еңбек адамдарына ерекше назар аударды. Бұл бастама қоғамда еңбекке деген

құрметті арттырып, өндірістегі маман иелерінің мәртебесін биіктетуге бағытталғаны сөзсіз. Президент пәрмені ел ішінде үлкен қуанышпен қабылданып отыр. Бұл жайында алпауыт кәсіпорындағы цехтың бірінде еңбек етіп жүрген зауыт қызметкері Нұрғазы Абзалбек өз ойын былайша білдірді:

– Мемлекет басшысының бұл шешімі біз сияқты еңбек адамдарына жасалған үлкен қолдау деп білемін. Қарапайым жұмысшыға көрсетілген құрмет – оның еңбегіне берілген әділ баға. Бүгінде өз саламда аянбай қызмет етіп келемін. Еңбек еленген жерде нәтиже де, сенім де болады. Ең бастысы – еңбек адамның еңбегі еш кетпесе екен. Еңбекке құрмет – елге құрмет, – дейді ол.

Зауыт Қазақстан нарығында ірі габаритті сапалы құйма өнімдерін өндіру бойынша өз орнын алуды көздейді. Сонымен қатар, Жезқазған құю-механикалық зауыты мен Балқаш жөндеу-механикалық зауытының дамуына басымдық беріліп отыр. Инвестиция тарту жұмыстары да нақты жоспар бойынша жүзеге асуда. Келесі жылы құны 2,1 миллион АҚШ долларын құрайтын 3 тонналық пешті іске қосу жоспарланған.

– Бүгінде біз толайым табыстар туралы зор мақтанышпен айта аламыз. Кәсіпорын тұрақты дамып келеді, өнім өткізу көлемі жылдан жылға артып отыр. Мысалы, 2020 жылы зауыт сыртқы тапсырыс берушілерге өнім жеткізу көлемін 10,5 есеге арттырды. Сол жылы өндіріс көлемі ақпалай есепте 35%-ға, ал табиғи көлемде 52%-ға өсті. Қазақстанның ірі кәсіпорындарымен жалпы сомасы 1,5 миллиард теңгеден асатын келісімшарттар жасалды. Сонымен қатар, компания жеткізу жағырапиясын кеңейтіп, өнімдерін Қырғызстан мен Өзбекстанға да экспорттауда, – дейді мақтанышпен компания өкілдері.

Қош, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жыл сайынғы Жолдауларында еліміздің өнеркәсіп саласын сапалы жаңа деңгейге көтеруді басты міндет ретінде айқындап келеді. Президент алдағы жылдары қайта өңделетін өндіріс көлемін 1,5 есе, ал, еңбек өнімділігін кемінде 30 пайызға арттыруды тапсырған болатын. Бұл – жай ғана жоспар емес, нақты іс-қимылды талап ететін стратегиялық бағыт. Ал, аталған кәсіпорын бағдарлы бағыттан айнымай келеді.

Суреттер зауыттың ресми сайтынан алынды

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУЫ

Өнеркәсіп өкілдерімен ойласу

Саран қалалық әкімдігі мен ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен осындағы Мәдениет үйінде 14 пен 35 жас аралығындағы жастар Саран индустриалдық аймағы өкілдерімен кездесіп, өздерінің болашақ жұмыс орындары жайлы ойласты.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Диалог түрінде өткен басқосуды ашқан Саран қаласы әкімінің орынбасары Сағынбек Бейсекеев: – Биылғы жылды Президентіміз «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялағанын білесіздер. Соған байланысты, бүгін біздің Саран индустриалдық аймағында кейінгі бес-алты жылда ашылған өнеркәсіп кәсіпорындарының өкілдері өз өндіріс орындары туралы өңгімелеп, сіздерді қалаған мамандықтарыңыз бойынша жұмысқа орналасуға шақырады, – деді.

Келелі кездесуге машина шиналарын жасайтын «Tengri Tyumex» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкерлерді іріктеу және бейімдеу жөніндегі жетекші маманы Айнұр Байсейітова мен

техникалық жаттықтырушысы Анастасия Нескей, автобус құрастыратын «Qaz Tehna» ЖШС кадрларды дайындау жөніндегі екінші санатты инженері Жанетта Адаханова келіп, олар бейнероликтер арқылы кәсіпорындарының тыныс-тіршілігімен таныстырды.

Ашық пікірлесуге қатысып отырған жастардың да оларға қоятын сұрақтары аз болмады. Мәселен, оларды жалақы, еңбек демалысы, мамандардың оқытылуы, қандай мамандықтардың сұраныста екендігі қызықтырады екен. Соған қайтарылған жауаптардан белгілі болғандай, бұл кәсіпорындарда қазір желі операторлары мен көлік құрастырушылары үлкен сұранысқа ие көрінеді. Облысымыздағы жоғары және орта оқу орындарымен келісімі бар өркенді өндіріс орындарында студенттер іс



тәжірибесінен өтіп, қаласа, оқуларын бітірген соң жұмысқа қабылданады. Ал, мамандығы сай келетін адамдарға тәлімгерлер бекітіліп, өздеріндегі университеттерінде не басқа жерлерге жіберіліп, оқытылады. Анастасия Нескей де өзінің Ресейде бір жылдай оқып келгенін айтады.

Жүздесуге қатысушылардың бірі Нұрзат Серікболов осы жазда ғана қаладағы Абай Құнанбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектептің 9-сыныбын аяқтапты.

Енді оның Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету мен жөндеу факультетіне оқуға түсіп, содан кейін осындағы шина зауытына жұмысқа тұрмақ ойы бар.

Негізі, Саран қаласында жұмыссыздық деңгейі облыстық көрсеткіштен төмен болғанымен, мұндай шаралар оны одан сайын азайта түсері анық.

САРАН

Сурет автордан

• МӘДІ БӘПІҰЛЫ – 145 ЖЫЛ

Ардағына ас бермек

Мәди Бәпиұлының есімі оқырман қауымға таныстыруды қажет етпейді. Ұлтымыздың ұлы перзенттерінің бірі, қазақ сал-серілерінің соңғы тұяғы, әнші-композитор, күрескер ақын көзінің тірісінде-ақ халықтың сүйіктісіне айналып, іс-әрекеттері аңыз-әңгімелердің арқауына айналған.

Ермек БА.ТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұқараның құқығын қорғап, әлеуметтік әділетсіздікті және теңсіздікті сынағаны, азаттықты аңсаған ой-пікірлері мен шығармалары үшін алғашқыда патшалық Ресей шенеуніктерінің, кейін кеңестік биліктің қудалауына ұшырап, коммунистік қызыл милицияның оғына ұшқан.

Орыс отаршылары мен олардың сойылын соққан жергілікті феодалдардың зорлығын, халықты езіп отырған жүгенсіздігін айыптағаны үшін жалған айыптар тағылып, Қарқаралы, Семей, Атбасар, Омбы түрмелерінде азап шекті. Оның туған жерінен шалғайда жүргенде бұқараны теспей сорған күштілердің әділетсіздіктеріне күйініп, бостандықты аңсаған «Қаракесек», «Үшқара», «Мәди», «Шіркін-ай» тәрізді әндері кең тарайды. Ескертетін бір жағдай, Мәди «ақын, әнші, композитор» болайын деп шығармашылықпен кәсіби түрде айналыспаған. Оның әндері мен өлеңдері – ба-

сынан өткен азапты өмірдің, қуғын-сүргіннің жемісі. Осыған қарамастан, шығармаларының көркемдігі жоғары, мазмұны терең, бояуы айшықты. Сондықтан, Оңың әндерін Е.Брусиловский («Ер Тарғын»), «Қыз Жібек» операларына пайдаланды. Мәди шығармалары әлі зерттелу үстінде. Оның өнердегі жолы мен күрескерлігі А.Жұбанов, Ә.Бектасов еңбектеріне және Ә.Өбішев, С.Мәуленов, С.Ләмбеков, С.Ақсұңқарұлы, Ж.Тайтөлеуов, Е.Төлеутай, т.б. ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болды.

Биыл Мәди Бәпиұлының туғанына 145 жыл толып отыр. Осыған орай, әнші-композитордың есімін иеленген ауылдық округтің орталығында – Қарқаралы ауданына қарасты Айрық ауылында, өзі жарық дүние есігін ашқан Үшқара тауының етегінде дұға бағышталып, ас берілмек.

– Халықтың ардақтысына арналған бұл шараны тамыз айының екінсіне жоспарлап отырмыз, – дейді ауылдық округ әкімі Бек-Арыс Райым. – Іс-шара аясында ауылда Мәди

бабамыздың әндері мен өлеңдерін қамтитын концерттік бағдарламамен басталып, ұлттық рухты оятатын өнер мерекесіне айналады деп ойлаймыз. Сонымен қатар, Мәдидің 145 жылдығы аясында ауылдың дамуына бағытталған игі жұмыстар атқарылмақ. Соның ішінде, ішкі жабдығымен қоса он қанатты киіз үй сатып алу, ауылдың асханасын жөндеп, жылыту жүйесін тарту, ауылдың кіреберісіне арқа орнату, мектепке интерактивті тақта әперу және көпшілік үшін пайдалы тағы басқа да іс-шаралар қолға алынып, жүзеге асырыла бастады.

Ас беретін күні халықтың салт-дәстүрін дәріптеу және насихаттау мақсатымен ұлттық ойындар өткізілмек. Атап айтқанда, қазақ күресінен «Ауыл барысы» біріншілігін, арқан тарту, қой көтеру, аймақтық футбол турнирін ұйымдастыру жоспарланған екен.

Жоғарыда аталған игілікті іс-шаралардың демеушілері мен ұлттық спорт ойындарының жүлде қорын құрушылар осы ауылдың азаматтары, шаруа қожалықтарының иелері және жерлестері екен.

«Жаксыдан – шарапат» дейді халқымыз. Айрықта жоспарланған іс-шаралар Мәди бабаның рухына жасалған тағзым ғана емес, ауылды жаңғырту және өскелең ұрпаққа оңды өнеге қалдырудың тамаша тәсілі.

• ТАҒЫМ

Сабақтастық тағылымы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында мемлекет және қоғам қайраткері, екі мәрте Қазақ Ішкі істер министрі болған, тұңғыш ішкі істер қызметінің генерал-лейтенанты Шырақбек Қабылбаев атындағы «Министр Қабылбаев» дәріс залы салтанатты түрде ашылды.

Жәлел ША.ЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»


Бұл игі іс – аталған академияда 1991-1995 жылдары білім алған түлектердің 30 жылдық мерей-тойына орай, сол түлектердің өз қаражаты есебінен, шынайы жанышарлықпен жүзеге асқан нақты қолдау екенін атап айту керек.

Дәрісхана қабырғасында Шырақбек Қабылбаевтың тағылымды өмір жолының әр кезеңдегі фотосуреттері, ерлікке толы өмірбаяны және көптеген тарихи құжаттар, құнды жәдігерлер ілінген.

– Шырақбек Қабылбаев – қазақ полициясының темірқазығы, оның есімі мен ерен еңбегі – құқық қорғау саласының мәңгілік шамшырағы. Бүгінгі ұрпақ оның қайсар болмысын, ел мен ер намысын бәрінен биік қойған азаматтығын танып-білуі тиіс. Бұл дәріс залы – рухани сабақтастықтың дәлелі, – дейді ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының экс-бастығы, за-

сенімі мен ерлігіне берілген бағаның айғағы. Шырақбек Қабылбаев 12 жыл Ішкі істер министрі қызметін атқарып, қылмыспен күресте, құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде аса салмақты саясат жүргізді. Қарағанды жоғары мектебінің 1969 жылы 12 қазанда ашылуына мұрындық болып, қазақ офицерлерін даярлауға жол ашты.

Шырақбек Қабылбаев – еліміздің құқық қорғау жүйесі тарихында ерекше із қалдырған генерал-лейтенант. Екі мәрте Ішкі істер министрі болып 12 жыл



пастағы полиция генерал-майоры, заң ғылымдарының кандидаты, профессор Мирлан Қызылов.

Осы дәрісхананың ашылуына ұйытқы болып, түлектердің басын қосып, игі істің бар шаруасын тиянақтап жүрген де осы Мирлан Ахмедияұлы.

Сонымен қатар, М.Қызылов пен Д.Сейсенұлы – «Министр Қабылбаев» туралы зерттеу кітап жазып, оның азаматтық тұлғасын жас ұрпаққа үлгі етіп жүрген ерен еңбегін атап өткен жөн.

Өмірі өнеге мен өрге өрлеген тұлға Шырақбек Қабылбаев – 1908 жылы Семей облысы, Абыралы жерінде дүниеге келген. Ол – тұтас бір дәуірдің жүгі мен міндетін көтерген нар тұлға.

45 жасында аға лейтенант шенінде тұрып-ақ министр болып тағайындалуы оның елге деген

бойы абыройлы қызмет атқарған оның өнегелі өмірі мен қызметтік ұстанымдары бүгінгі ұрпақ үшін баға жетпес үлгі.

2014 жылы Қазақстан Республикасының ІІМ Қостанай академиясына генерал-лейтенант Шырақбек Қабылбаевтың есімі берілді. Бұл – бүкіл құқық қорғау жүйесінің дамуындағы тарихи маңызды оқиға.

Генерал есімі берілген дәріс залы – аудитория ғана емес, жас курсантқа үлгі, ертенгі офицерге бағдар, өткен мен болашақты жалғайтын рухани көпір. Ұлт мақтанышының ізмен жүріп, оның ерлікке толы өнегесінен нәр алған ұрпақ мемлекет тірегін сақтайтын азаматтар боларына сенім зор.

Сурет автордан

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Диалог алаңында

Қарағанды қаласында «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының бастамасымен «Жұмысшы мамандықтарының болашағы: трендтер мен перспективалар» тақырыбында JastarX атты диалог алаңы өтті.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шараға сарапшылар, жұмыс берушілер мен жастар қатысып, еңбек нарығындағы өзекті үрдістерді, кәсіби білім берудің маңызын және оның болашағы зор бағыттарын талқылады.

Алаңға қатысқандар қатарында колледждер мен лицейлердің өкілдері, өңірлік жастар ресурстық орталықтары, салалық мамандар және белсенді жастар

болды. Түрлі сала мамандары жұмысшы мамандықтарының маңыздылығы, өндірістік сектордағы жастардың рөлі мен кәсіби бағдар берудің заманауи тәсілдері жөнінде тәжірибе бөлісті.

Кездесу барысында еңбек тәрбиесі, жұмысшы мамандықтарына қызығушылықты арттыру, сондай-ақ еліміздің әр өңірінен сәтті жүзеге асқан жолдар мен тәжірибелерді көрсету мәселелері басты тақырыптардың бірі болды.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика + математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау», «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл. лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№262

• ХОККЕЙ

Команда құрамы күшейе түспек

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы құрамасын әлі түгендеп болмады. Бұл жолы бірнеше шабуылшы және бірнеше қорғаушымен келісімшарт мерзімін ұзартты. Әрі сырттан тағы да тәжірибелі ойыншылармен келісімге келіп, команда қатарына қосты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

19 жастағы шабуылшы Тимофей Симонов – 2023 жылғы ғана кәсіби мансабын бастаған ойыншы. Әрі осы қарағандылық клубтың түлегі. Клуб басшылығы хоккейшіні жас та болса, мұз айдынына жиі шығарып, үміт артқан. Мансабын енді бастаған жас хоккейші бірінші маусымында 54 ойын өткізіпті. Әрі бір гол салып, бес бірдей голдық пас шығарған. Былтырғы маусымдағы көрсеткіші де жаман емес. 34 ойында төрт шайба салыпты. Одан бөлек, былтыр ұлттық құрама сапына да шақыртылып, әлем чемпионатында өнер көрсеткен. Сауатты ойынмен көзге түсіп жүрген жас хоккейші алдағы хоккей маусымында тағы бір жыл түлеп шыққан клубында қала бермек.

Клубқа былтырғы маусымда ресейлік «Ростов» хоккей клубынан қорғаушы Михаил Степанов деген тәжірибелі ойыншы ауысып келген болатын. Бірақ, былтыр ол ойыншы алаңға жиі шықпады. Бар болғаны бес ойын ғана өткізген. Ол кәсіби мансабын ресейлік «Химик» клубынан бастапты. Содан бері «Атлант»,

«Ростов» секілді мықты клубтың сапында өнер көрсеткен. Алдағы маусымда 29 жастағы ойыншы тағы бір жыл қарағандылық клуб қатарында.


Тағы бір қорғаушы Кирилл Полохов та алдағы маусымда «Сарыарқа» сапында қалатын болды. 27 жастағы ойыншы мансабын 2015 жылы «Снежные Барс» клубынан бастаған. Одан кейін «Барыс», «Номад Астана», «Тамбов», «Арлан» сынды клубта болды. Жалпы, бұл ойыншы 2021-2022 жылғы маусымда «Сарыарқа» сапында ойнаған. «Тамбов» клубынан кейін «Арланға» ауысады. Сол уақытта қарағандылық клубта 10 ойын өткізіп, бес шайба және жеті голдық пас беріп үлгерген. Бұл ойыншы былтырғы маусымда да жаман ойнаған жоқ. 16 ойынға қатысып, бір гол салған. Әрі үш голдық пас та беріпті.

Ресейлік «Динамо Алтай» клубының негізгі ойыншыларының бірі шабуылшы Сергей Барбашев жаңа маусымда «Сарыарқада» өнер көрсетпек. 32 жастағы ойыншы бұған дейін 2021-2022 жылғы маусымда қарағандылық клубта бір жыл ойнапты. Сол уақытта команда жейдесінде 11 ойын өткізіп, 7 шайба, 14 нәтижелі пас берген.

Былтырғы маусымда да өз клубының лидері болған. 54 ойында 8 гол салып, 13 нәтижелі пас тіркеген. Әрине, команда шабуылға шыққанда шабуылшының атқаратын рөлі орасан. Сондықтан, клубқа тәжірибелі әрі мүмкіндікті мұлт жібермейтін ойыншылар керек-ак. Сондықтан, клуб басшылығы осы ойыншыны аттай қалап, командаға алдырған. Әрі осы клубқа бөтендігі жоқ, бұрын ойнаған ойыншыны қатарға қосу – клуб үшін үлкен олжа.

Көкшетаулық «Арлан» клубында Владимир Волков деген шабуылшы бар. Соңғы екі маусым қатарынан осы клубта. Екі маусымда 100 ойын өткізіп, 31 шайба, 22 нәтижелі пас тіркепті. Былтырдың өзінде қарсылас қақпасына 23 шайба салған. Хоккейшінің мансабына көз салсақ, 2022-2023 жылғы маусымда «Сарыарқа» жейдесінде бір маусым өткізіпті. Нәтижесінде, 26 ойында алты шайба, төрт голдық пас тіркеген. Дәл осы ойыншыны қарағандылық клуб басшылығы қатарларына қосты. Енді 31 жастағы шабуылшы жаңа хоккей маусымында мұз айдынға «сары жейделілер» сапында қайта оралмақ.

Өзбекстандық «Хумо» клу-



бының 29 жастағы шабуылшысы Радель Фазлеев жаңа маусымда «Сарыарқада» өнер көрсетеді. Бұл ойыншы да 2023-2024 жылғы маусымда қарағандылық клубтың жейдесінде өнер көрсеткен. Сол

уақытта 30 мәрте алаңға шығып, 11 шайба, 14 нәтижелі пас тіркепті. Ал, былтыр «Хумо» сапында 17 ойын өткізген. 3 шайба салып, 9 голдық пас берген. Жалпы, жаңа хоккей маусымы

басталғانشа клуб сапында үлкен өзгерістер орын алып жатыр. Трансферлік терезеде клуб басшылығы сырттан аса көп ойыншы алмаса да, үздіктерін, көшбасшыларын таңдап алды. Одан бөлек, «Сарыарқа» сапында жұлдызы жанып тұрған білікті ойыншылармен де келісімшарт мерзімін ұзартты. Бір сөзбен айтсақ, клуб құрамы әлдеқайда күшейді. Енді, жаңа маусымның басталғанын күту ғана қалып тұр...

Суреттер клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• КИНО

Жүректерге жеткен «Сабыр»

«Сабыр» қысқаметражды фильмі шетелдік көрермен көңілінен шығып, Cineshort қысқаметражды фильмдерінің әлемдік платформасында көшбасшылардың біріне айналды. Картина Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілген.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фильмде оқып, жаза алмайтын екінші сынып оқушысы Сабыржанның оқиғасы баяндалады. Анасы мен мұғалімдері оны түсіне алмайды. Балада дислексия дерті бар екенін білмей, жиі сөгеді. Ал, бұл – үлкендер тарапынан түсіністікті қажет ететін ерекшелік. Фильм маңызды әлеуметтік тақырыпты көтереді және көрерменге мектептегі балалардың қиындықтарына мұқият қарау қажеттігін жеткізеді.

Фильмнің режиссерлері – Марина Зиберт пен Дамир Таңатов. Жоба ұлттық және халықаралық деңгейде жоғары бағаланды. «Сабыр» VIII халықаралық BAIQONYUR кинофестивалінің ұлттық байқауында «Үздік фильм» жүлдесінің иегері атанды. Ал, басты рөлді ойнаған жас актер Салих Бейсенбай рөлін үздік сомдағаны

үшін марапатталды.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі ұсынған ақпаратқа сүйенсек, фильм UMUT халықаралық кинофорумында «Үздік режиссер» сыйлығын жеңіп алды. Фильм Торонтодағы Peaks Central Asian Film Festival аясында Солтүстік Америка премьерасында ұсынылды.

Cineshort – бұл дәстүрлі жанрдағы авторлық және фестивальге арналған фильмдерді ұсынатын Халықаралық қысқаметражды фильмдер платформасы.

«Сабыр» көрермендер рейтингінде үздіктер қатарына кіріп, халықаралық аудиторияның қызығушылығын тудырды.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ФУТБОЛ

Соңғы ойында сан соқты

Футболдан Қазақстан Бірінші лига ойындарының бірінші айналымы өз мәресіне жетті. Қарағандылық «Шахтер» клубы 13 ойын қорытындысы бойынша 26 ұпай еншілеп, турнир кестесінде III орынға табан тіреді. Өткен жолы жерлестер жамбылдық «Тараз» клубына есе жіберсе, соңғы ойында өз алаңында ақтаулық «Каспийден» айласын асыра алмады. Десе де, жерлестердің Премьер-Лига сапына қайта оралуға мүмкіндіктері бар. Олай дейтініміз, алда әлі екінші айналым, яғни, қарымта ойын күтін тұр...

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақтаулықтармен өткен кездесу онайға соқпады. Жерлестер өз алаңында ойнаса да, кездесу ауыр өтті. Айта кетейік, қарсыластар турнирлік кестеде 34 ұпаймен көш бастап тұр. Соңғы сегіз ойында жеңіліп көрмеген. Тек бұның алдындағы ойында алматылық «Қайратпен» тең тарқасқан.

Ойын басталысымен алаң иелері әдеттегідей шабуылға көшті. Барынша қарсылас қақпасына шабуыл ұйымдастырып, қақпадан саңылау іздеді. Бірақ, қорғаушылар мүмкіндік бермеді. 13-ші минутта қарсылас команда қорғаушысы Тимур Құрбанов допка талас барысында ойын ережесін бұзып, «сары» қағаз алды. Бірақ, 20-шы ми-



нутта қарсыластан керемет шабуыл ұйымдастырып, есеп ашты. Жартылай қорғаушы Бауыржан Байтана оң қапталға ойысып, допты алаң ортасындағы әріптестеріне асырған. Осы тұста допка сол қапталда жүрген шабуылшы Мирас Тұрлыбек бірінші



жетіп, бірден Жақып Қожамбердіге асырады. Қақпаға соққы жасамай, әріптесіне пас берген Бауыржанның іс-әрекетін «Шахтер» қорғаушылары түсінбей қалса керек. Алаң ортасындағы Жақыпты жауып үлгермей қалды. Ал, Жақып кідірместен допты

қақпаға тоғытады. Есеп – 1:0.

Бұдан кейін ойын қайта шиеленісті. Қарағандылықтар допка иелік етіп, қайтара шабуыл ұйымдастырды. Бірақ, қанша жерден шабуыл жасаса да, қарсылас қорғанысы сыр бермеді. Бұдан кейін жерлестер қарсыластарға қарсы өрескел ойнап, бірінші тайм аяқталғанша, екі «сары» қағаз алып үлгерді. 26-шы минутта шабуылшы Арман Нүсіп, 40-шы минутта Шахсұлтан Зұбайділдә ескерту алды. Ал, қарсыластар сапынан 32-ші минутта қорғаушы Ерлан Қадырбаева «сары» қағаз көрсетілді.

Екінші айналым басталысымен алаң иелері сапына Уәлихан Мұхаметжанов тыңнан қосылды. Бірақ, жерлестердің шабуылынан ешқандай нәтиже тіркелмеді. Керісінше, 49-шы минутта Рафаил Оспанов, 59-шы минутта Эльхан Саидовқа төреші «сары» қағаз көрсетіп үлгерді. Ал, 51-минутта «Каспий» қорғаушысы Алихан Серікбай өрескел ойыны үшін «қызыл» қағаз алып, алаңнан қуылды. Қарсыластардың қатары бір адамға кемісе де, 66-шы минутта стандартты

жағдайда есепті еселеп кетті. Гол авторы жартылай қорғаушы – Бексат Қабылан.

72-ші минутта алаң иелері сапынан Арман Нүсіп 11 метрлік айып соққысын орындап, есеп ал-

шақтығын қысқартты. Бірақ, қарсыластар сапынан 87-ші минутта Бауыржан Байтана да айып добын орындап, есепті 3:1-ге жеткізді.

Бірақ, жерлестер ойынның негізгі уақытына төрт минут қосылған шақта бір гол салып, ойынды 3:2 есебімен аяқтады. Бұл жолы оң қапталдан әуелете көтерілген допты Тимур Рудосельский қақпаға бағыттап, есеп алшақтығын қысқартқан болатын.

Осылайша жерлестер қатарынан екі ойын ұпай еншілей алмады. Турнир кестесінде ақтаулық «Каспий» 34 ұпаймен көш басына шыкса, одан кейінгі сатыда 27 ұпаймен павлодарлық «Ертіс» клубы тұр. Ал, «Шахтер» клубы бір ұпай айырмашылығымен үштікті түйіндеп тұр. Енді жерлестер 17-ші шілдеде сырт алаңда елордалық «SD Family» клубымен кездеседі. Яғни, бұл – қарымта матч. Өткен жолы қарағандылықтар өз алаңында қарсыластарын 4:14 есебімен жеңген болатын.

Суреттер клубтың баспасөз қызметінен

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген				«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZKX БИН 000840001412 Тарапымы 3 498 №75 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.	
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Аяулым СОВЕТ	
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ							